

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы Стратегиялық даму және сапа комитетінің
кезектен тыс мәжілісінің №1 хаттамасы**

Түркістан қаласы

15 наурыз 2024 жыл

Сағат 15:00

Қатысқандар: 18 (1 комитет мүшесі онлайн қатысты)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. QS пәндік және QS тұрақтылық (QS Subject Ranking, QS Sustainability Ranking) рейтингі;
2. Ішкі рейтинг ip.ayu.edu.kz туралы;
3. «Клиника-диагностикалық орталығы» мекемесінде және «Еуразия» ғылыми-зерттеу институтында жүргізілген ішкі аудит туралы;
4. Аудиторларды оқыту курсының ұйымдастыру туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы QS пәндік және QS тұрақтылық (QS Subject Ranking, QS Sustainability Ranking) рейтингіне қатысу үшін бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылғанын айтты. QS hub порталына университетімізді бағалай алатын академиялық және жұмыс беруші эксперттер туралы мәліметтер толтырылып excel форматында 9-қаңтар күні салынып біткенін, сонымен қатар, hub порталына университетіміздің 2022-2023ж. оқу жылы бойынша статистикалық деректері 9-ақпан күні ендірілгенін айтып өтті. Одан әрі комитет төрайымы QS агенттігіне қатысу критерилері, академиялық эксперттер мен жұмыс берушілерді қатыстыру, QS хабына салынатын университет мәліметтерін жаңарту кезіндегі туындаған мәселелер туралы мәлімет беру үшін Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырыкбаеваға сөз берді. Орталық басшысы QS агенттігі бойынша жоғары межелі орындардан көріну университетіміз үшін аса маңызды екенін айта келе, QS hub порталына және басқада рейтингтер базасына университет деректерін енгізу барысында айтарлықтай мәселелер жоқ екенін, ең бастысы факультеттер мен құрылымдық бөлімдер тарапынан біздің сұранысымыз бойынша ақпараттарды дәл уақытында толық беру керектігін айтып өтті. Екіншіден, қазіргі таңда университетімізде жаңа сайт қолданысқа енгізілуіне байланысты, жаңа сайт пен ескі сайтты параллель алып жүру керек болады. Себебі, QS hub порталына деректерді салу барысында ескі веб-сайттың сілтемелері қойылды. Сондықтан жаңа сайтқа жаңа мәліметтер мен деректер қойған жағдайда оны ескі веб-сайтқа да қою керек. Келесі жылы QS hub порталына деректер енгізген кезде жаңа сайттың сілтемелері қойылатын болады. Сондай-ақ, әрбір факультет шетелдік әріптестермен байланысын жаңартып, 2024 жылдың желтоқсан айына QS hub порталына енгізу үшін академиялық және жұмыс беруші эксперттерінің тізімін дайындаулары керек. Қазіргі уақытта тізім бойынша 100 эксперт порталға салынған, агенттіктің методологиясы бойынша жыл сайын бұл тізім 20 пайызға жаңартылып отыруы қажет. Орталық басшысы С.Қырыкбаева жалпы мәлімет ақпарат үшін берілгенін айтып, QS хабына салынған мәліметтерді назарға алуды сұрады

1. **Шешім:** QS әлемдік рейтинг агенттігі хабына салынған мәліметтер назарға алынсын.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы университетімізде ip.ayu.edu.kz ақпараттық жүйесі бар екенін және ішкі кәсіби рейтингті анықтау Ережесі (УЕ-ХҚТУ-075-2023) өткен оқу жылында толықтырулар мен өзгерістермен қайта жасалғанын атап өтті. Комитет төрайымы биылғы оқу жылы ішкі кәсіби рейтингті анықтау Ережесіне өзгерістер енгізілмейтінін, тек қана ip.ayu.edu.kz ақпараттық жүйесімен жұмыс істеп, оны жетілдіруге күшімізді саламыз деп айтып өтті. Осыған орай, қолданыстағы ережеге сәйкес рейтингтік ip.ayu.edu.kz сайтына іске қосу шараларын ұйымдастыруды ұсынды.

2. **Шешім:** Университеттің рейтингтік ip.ayu.edu.kz сайтына іске қосу шаралары ұйымдастырылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі: сәуір-маусым 2024ж.

3. Күн тәртібіндегі кезекті үшінші мәселе бойынша Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева қаңтар айында Сенат мәжілісіне құрылымдық бөлімдерде жүргізілген ішкі аудит нәтижелері бойынша есеп берілгенін, алайда, оған «Клиника-диагностикалық орталығы» мен «Еуразия» ғылыми-зерттеу институтында өткен ішкі аудит нәтижелері туралы мәліметтері енгізілмегенін айтып өтті. Клиника-диагностикалық орталығында 2023 жылы аккредиттеу процедурасы жүргізілгендіктен ішкі аудит бағдарламасына университет ректорының бұйрығымен өзгерістер енгізіліп, ақпан айында аудит өткізілген болатын. Осыған орай, осы екі құрылымда жүргізілген ішкі аудит нәтижелерін презентация түрінде (Қосымша тіркелді) таныстырып өтті. Жалпы алғанда Клиника-диагностикалық орталығында жүргізілген аудит нәтижесінде 94 сәйкессіздік анықталған, оның ішінде 70 сәйкессіздік елеулі, 24 сәйкессіздік елеусіз. Елеулі сәйкессіздіктер стратегиялық және ағымдағы жоспарлаудың болмауынан, бағыттар бойынша есептілік, қызметті талдауды қоса алғанда, жалпы менеджмент процесі, санитарлық-эпидемиологиялық бақылаудың төмен деңгейі, барлық құрылымдық бөлімшелердегі сан-дездің режимі сақталмауы, аппаратурасы бар бөлмелерде, мұрағаттарда, дәріханада және т. б. ылғалдылық және температура режимін сақталмауы, дәріханада және бөлімшелерде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақталмауы, инфрақұрылымға және өндірістік ортаға қойылатын талаптардың сақталмауы, сондай-ақ, қымбат аппаратураны жұмыс жағдайында ұстамау, құрылымдық бөлімшелер басшыларының құзыреттерінің төмен болуы, комиссиялардың жұмысы және құжат айналымын дұрыс жүргізілмегеннен туындаған. Жалпы жүйелі мониторинг керек және де осы сәйкессіздіктердің басты себебі клиника басшылығы мен құрылымдық бөлім басшыларының медицина және денсаулық сақтау саласындағы заңнаманы, нормативтік құқықтық актілерді білмеуіне байланысты туындаған, сондай-ақ, осы салада уақтылы ақпараттандыру мен аттестаттаудың болмағандығын көрсетті. Ендігі кезекте түзетуші әрекеттер жоспары жасалып, ҚР ИСО талаптарына сәйкес ішкі аудиттің аяқталуы түзетуші әрекеттер жоспарының барлық жоспарланған іс-шараларын орындау кезінде айқындалатын болады. Оның орындалуын мониторингтеу үшін 15.05-20.05.2024ж. күндері Клиника-диагностикалық орталығына қайта шығу жоспарланғанын айтып өтті.

Келесі кезекте Еуразия ғылыми-зерттеу институтында жүргізілген аудит нәтижелерін айтатын болсақ, сапа менеджменті жүйесі жұмыс күйінде, ҒЗИ процестері тиімді жұмыс істейді, құжатталған ақпарат уактылы өзектендіріледі, жалпы өте жақсы нәтиже көрсетілді. Институтта жүргізілген ішкі аудит барысында екі елеусіз сәйкессіздіктер анықталған. Институтта процесстер өте жақсы қойылғанын, институт директоры тарапынан институттағы процесстерге бақылау жүз пайыз жүргізілетінін атап өтті. Комитет төрайымы жүргізілген тексеру нәтижелерін назарға алуды ұсынды.

Шешім:

1. Клиника-диагностикалық орталығы мен «Еуразия» ғылыми-зерттеу институтында жүргізілген ішкі аудит нәтижелері туралы мәліметтер назарға алынсын.

2. Ішкі аудит барысында анықталған сәйкессіздіктер түзетілуі және жойылуы тиісті құрылым басшылары тарапынан қатаң қадағалансын (Жауапты: құрылым басшылары. Мерзімі - тұрақты).

3. Ішкі аудит есебі университет сайтына орналастырылсын (Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы).

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе аудиторларды оқыту курсы ұйымдастыру бойынша мәжіліс төрайымы Айнаш Есімбекқызы университетімізде ішкі аудиторлар тобы 2021 жылы арнайы дайындықтардан өтіп, сертификатталған, бүгінгі күні ішкі аудиторлар саны 15-тен 11-ге төмендеген, кейбір қызметкерлер басқа ЖОО ауысқан, бірі декреттік демалысқа кеткен деп айтып өтті. Осыған орай, басқа ЖОО ауысқан, бірі декреттік демалысқа кеткен деп айтып өтті. Осыған орай, аудиторлар тізімін жаңалайтын боламыз, қазіргі уақытта 17 ішкі аудиторлардың тізімі жасақталып, оқыту жоспарланған болатын. Тағы айта кететін жәйт биылғы оқу жылынан бастап ішкі аудит форматын өзгертетін боламыз. Бізде құрылымдық бөлімшелерде аудит құрылым аудитіне және процесс аудитіне бөлінетін болады. Одан соң аудиторлар үшін әр сала бойынша ішкі-сыртқы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес арнайы чек-парақтар жасалатын болады және де әрбір аудитор үшін арнайы құрал жабдықтар алынатын болады. Аудит тез, сапалы және нәтижелі жүру үшін жаңа бір жүйе қалыптастыратын боламыз. Процесс үшін аудит оқу жылының басында өткізіледі, себебі құрылымдық бөлімшелердің оқу жылына дайындығы тексерілетін болады. Сондай-ақ, инфрақұрылым мен өндірістік ортаның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қосымша бөлімшелер мен объектілерге аудит жүргізу жөніндегі өкілеттіктер инфрақұрылым қауіпсіздігінің аудитін қоса алғанда, «Ғимарат пен ондағы жабдықтардың қауіпсіздігі жөніндегі комиссияға» берілетін болады. Ғимарат пен жабдықтың қауіпсіздігі жөніндегі комиссияның құрамы мен жұмыс жоспары университет басшылығымен келісілетін болады. Комитет мүшесі, академиялық департамент директоры А.Бостанова аудиторлар тобында бірнеше жыл аудитор болған кейбір оқытушыларды басқа қызметкерлермен ауыстыруды ұсынды.


4. **Шешім:** Университеттің ішкі аудиторларын даярлау оқу-курсы ұйымдастырылсын. Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі: мамыр-қыркүйек 2024ж.

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Хатшы



А.Бакирова

